

**"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қарашадағы N 1165 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы  
Балалы отбасыларға  
берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы**

Осы Заң балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар түріндегі әлеуметтік қолдау шараларын айқындаиды.

**1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар (бұдан әрі - жәрдемақылар) :

бала тууына байланысты тағайындалатын бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - бала тууына берілетін жәрдемақы);

бала күтімі жөніндегі, ол бір жасқа толғанға дейін тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - бала күтімі жөніндегі жәрдемақы);

18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі - балаларға арналған жәрдемақы) түріндегі ақшалай төлемдер;

2) отбасы - некеден, туыстықтан, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындаитын мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты әрі отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға ықпал етуге икемді адамдардың ортасы;

3) отбасының жиынтық табысы - отбасының ақшалай, сондай-ақ заттай нысанда алған табысның жалпы сомасы;

4) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасы жиынтық

табысының ай сайын отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

5) өтініш беруші - жәрдемақылар тағайындау үшін отбасы атынан өтініш беретін адам;

6) бала тууына берілетін жәрдемақыны және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдары;

7) бала тууына берілетін жәрдемақыны және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны төлеу жөніндегі уәкілетті үйым - жәрдемақылар төлеуді жүзеге асыратын үйым ("Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны);

8) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары.

## **2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның әрекеті Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылады.

## **3-бап. Жәрдемақылар алу құқығы**

1. Балалы отбасылардың:

1) бала тууына берілетін жәрдемақы;

2) бала күтімі жөнінде берілетін жәрдемақы;

3) жан басына шаққандағы орташа айлық табысы азық-түлік себетінен төмен болған жағдайда балаларға арналған жәрдемақы алуға құқығы бар.

2. Жәрдемақылар туған, асырап алынған, сондай-ақ қамқорлыққа, қорғаныштыққа алынған балаларға тағайындалады және төленеді.

3. Толық мемлекет қарауындағы балаларға жәрдемақы тағайындалмайды.

## **4-бап. Жәрдемақыларды тағайындауға өтініш беру**

1. Өтініш беруші отбасының атынан жәрдемақы тағайыннатуға түрғылықты тұратын жеріндегі уәкілетті органға барады.

2. Уәкілетті органдар қажетті құжаттарымен өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды қарайды және жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Бала тууына берілетін жәрдемақыны және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайыннатуға өтініш беру мерзімдері бала туған күннен бастап он екі айдан аспауы тиіс.

4. Балаларға арналған жәрдемақы алу құқығы жәрдемақыны тағайындау үшін

қажетті құжаттарды ұсыну арқылы тоқсан сайын расталады.

5. Жәрдемақыларды тағайындау, төлеу, сондай-ақ балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **5-бап. Бала тууына берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеу**

1. Бала тууына берілетін жәрдемақы өтініш берген күннен бастап тағайындалады.
2. Екі және одан да көп бала туғанда бала тууына берілетін жәрдемақы әр балаға тағайындалады және төленеді.

### **6-бап. Бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау және төлеу**

1. Бала күтімі жөніндегі жәрдемақы бала туған күннен бастап ол бір жасқа толғанға дейін тағайындалады.
2. Бір жасқа толмаған екі және одан да көп балаға күтімді жүзеге асырған жағдайда бала күтімі жөніндегі жәрдемақы әр балаға тағайындалады және төленеді.
3. Бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау кезінде отбасы күтім жасамаган балалар есепке алынбайды.

### **7-бап. Балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу**

1. Балаларға арналған жәрдемақы 18 жасқа дейінгі әр балаға тағайындалады.
2. Балаларға арналған жәрдемақы отбасының табысын ескере отырып, ағымдағы тоқсанға тағайындалады және өтініш берген айдан бастап ай сайын төленеді.
3. Жәрдемақы алу үшін негіз болып табылатын мән-жайлар өзгерген жағдайда, өтініш беруші он бес күн ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

### **8-бап. Жәрдемақылардың мөлшері**

Осы Заңға сәйкес жәрдемақылар балалы отбасыларға мынадай:

- 1) бала тууына берілетін жәрдемақы - 15 айлық есептік көрсеткіш;
- 2) бала күтімі жөніндегі жәрдемақы:  
бірінші балаға - 3 айлық есептік көрсеткіш;  
екінші балаға - 3,5 айлық есептік көрсеткіш;  
үшінші балаға - 4 айлық есептік көрсеткіш;

төртінші және одан кейінгі балаға - 4,5 айлық есептік көрсеткіш;  
3) балаларға арналған жәрдемақы - әр балаға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады және төленеді.

## **9-бап. Жәрдемақы төлемін тоқтату негіздемелері**

Осы Заңың 3-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген жәрдемақы  
т ө л е м і :

б а л а                    қ а й т ы с                    б о л ғ а н ;

баланы толық мемлекет қарауына берген жағдайларда тоқтатылады.

## **10-бап. Қазақстан Республикасының балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Өтініш беруші өтініште көрсетілген мәліметтердің толықтығы және дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

2. Өтініш беруші жәрдемақылардың заңсыз тағайындалуына апарып соқтырған жалған және толық емес деректер ұсынған жағдайда, төлемдер тоқтатылады. Артық төленген сомалар өз еркімен қайтарылуға, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

## **11-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізуіндің тәртібі**

Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілетін 3-баптың 1-тармағы 2) тармақшасын, 6-бапты, 8-баптың 2) тармақшасын қоспағанда, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*